



# ШАДАҚТАМА ГРАМОТА

Замануи білім беру жүйесінің бағдарламасын  
жетілдіруге, сапалы білім мен сапалы тәрбие беруге,  
озық тәжірибелер мен тылыми шыгармашылық  
жұмысын дамытуға және насижаттауға  
қосқан үлесі үшін

Арипова Фарида Тайровна

марапатталады

«Педагогикалық шеберлік»  
журналының бас редакторы



A handwritten signature in blue ink, appearing to read 'Н. Кузьменко'.

Н.Кузьменко

Міркеу № 031 (04) / 2021

**2. Топтардағы өзара бағалау.** Окушылар топтарға бөлінген кезде олардың достық карым-катастына болмағаны жақсы. Топтыжұмыс кезінде олар талқылайды және төмендегіге катысты келісімге келуге тырысады: Қандай әдіс, жұмыс стилі, негіздеме және жауап және т.с.с. жақсы және неліктен?

**3. Окушылардың ариайы қателерді бағалауы.** Бұл жоғарыда сипатталған үлгілерді окушылардың түсіндіру нұсқаларының бірі болып табылады және көп жағдайда олардан кейін бірден орындалады. Құзырлы оқытудың маңызды факторы мұғалім окушының тақырыптың мәнін өз бетімен менгеруін түсінуі мен бағалай алуы болып табылады. Мұндай тәсіл бұл үдеріске окушының өзінін де катысуын талап етеді. Осылайша, окушы да өзінін окуы үшін жауапты болады. Окушы мұндай жауапкершілікті көбіне сабак беру барысында мұғалім қалыптастыратын ортада сезініп, кабылдайды. Сондықтан мұғалімде Шульман «мұғалімнің үш көмекшісі» (Шульман, 2007) деп атаған қасиеттер болған жағдайдаған оқыту жақсы болып саналады.

Бағалау сенімділігі ең басында сынып немесе мектеп ішінде пайдалануға арналған жағдайда түбекейлі болып есептелмейді. Сондай-ақ, негізгі мақсаты оқыту негіздерін қалыптастыру болса, күн сайынғы жиынтық бағалауды реттеу қажеттілігі жоқ. Акпараттың сенімділігі мен дұрыстығы бағалау нәтижелері сырттай пайдалануға арналған жағдайдаған кажет.

Корытынды бағалауды сапалы жасау мұғалімдердің жоғары шеберлігін талап етеді. Сондай-ақ мұғалімге деген өкпе-реніш болмайды, себебі өз білімінің әділ бағаланатынына сенімді болады деп ойлаймын. Бағдарламадағы жеті модульге сүйене отырып өткізген сабактарым өз жемісін беріп, меніған қуантып қойған жоқ, сонымен қатар көнілдері қуанышка толған, ынтымак пен сыйластық қалыптасан ортада окушылар бір-бірінен қалай оку керектігін де үйренді. Өзін-өзі реттеуге дағыданып, Бағдарламада көрсетілгендей окушылар метатану үдерісі арқылы түсіну, бақылау және оку тәжірибесіне қадағалау жүргізу қабілеттерін дамытты. Өз тәжірибемнен түйгенім – бағалардың кешегі жағдайына қарап, бағалауға болмайды. Эр окушы мінсіз окушы болуга талпынады. Мұғалімнің міндеті - сабакты жан-жақты ойластырып, окушыға білімді менгеруіне жағдай жасай білуіміз керек. Элі де болса бағалаудың басқа да, окушыларды қызықтыра түсетін түрлерін сабактарымда қолдануды жалғастырамын деп ойлаймын. Белгілі бір нәтижеге жету үшін біраз уақыт керек сияқты. Оқыту үшін бағалау мен оку үшін бағалауды сабактарымда қолданғанымда мынандай кортындыға келдім: окушылар ынтымактастықта бірлесе жұмыс жасап, білімді бірге менгерді, сынни тұрғыдан ойлауға, еркін сөйлеуге, ой бөлісуге, өзін және сыныптастын шынайы бағалауды үйренді. Бұл жетістік бағдарламаның нәтижесі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. КР жалпы білім беретін мектептер мұғалімдерінің біліктіліктерін арттыру курстарының бағдарламасы. Астана, 2012 ж.

2. Мұғалімге арналған нұсқаулық 3 (негізгі деңгей) 3-басылым Назарбаев зияткерлік мектебі ДББҰ 2012.

*Арипова Фарида Тайровна  
№3 «Көркем» бөбекжай-балабақшасының тәрбиесісі  
Түркістан облысы, Келес ауданы*

## ӨНЕРТАПҚЫШTYҚ ТАПСЫРМАЛАРДЫ ШЕШУ ТЕОРИЯСЫ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Қазақстан Республикасының Тұнғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында: «Біздің жұмыстарымыздың білім беру саласындағы басымдықтарында бұқіл әлемдегі сияқты Қазақстан мектепке дейінгі білім берудің жана әдістеріне көшу керек», - деген болатын. Қазіргі кезеңде Республиканың білім беру жүйесінің ең басты міндеті қазақ мектебі түлегінің білім сапасының деңгейін халықаралық дәрежеге жақыннату. Сондықтан қазіргі кезде жас маман иелеріне ұсынатын инновациялық технологияларымен жұмыс жасау, мектепке дейінгі ұйымдарда педагогтардың негізгі міндеті: әдіс-тәсілдерді дұрыс тандау, жаңаша педагогикалық технологияларды дұрыс қолдана білу, жеке тұлғаның дамып, қалыптасуы үшін ынғайлы жағдай жасау. Бұл ең жас, әрі кең таныс педагогикалық инновациялық жүйе. Бала - болашағымыз десек, сол балага жүйелі білім беріп, ынта-ықыласын дұрыс бағыттауды, қабілет – қасиеттерін дамытуды барабақшадан бастауымыз керек. Шығармашылық тапсырмаларды орындау теориясы адамның шығармашылық мүмкіндіктерін дамытудың жана әдістемесі үшін негіз болып табылады. Бала тәрбиесі отбасынан бастау алады, кезекте ғылымға негізделген әдіс-тәсілмен берілетін тәлім тәрбиесі көбінесе барабақшадан басталып жан-жақты педагогикалық инновациялық жүйе.

ТРИЗ – бұл кең тарған әрі тиімді педагогикалық инновациялық жүйе.

Қазіргі өмірде өзіндік туындалған отырған талаптарды орындау, жаңашылдықка жаршы болу, үзіліссіз тәрбие негізінің бастауы мектепке дейінгі ұйымдардан басталғаны орынды. Ол-тапқырлық тапсырмаларды шешу теориясына және шығармашылық тұлға дамыту теориясына негізделген. Оны Ресейлік ғалым және жазушы Генрих Альтшуллер жасаган.

ТРИЗ педагогикасы багытындағы бағдарламада балалардың жас күнінен дүниеге ғылыми көзқарастарын қалыптастыру, ақыл-ой күші мен интеллектуалдық қажетсіндерін дамыту бағытында құрылған. Сабакта жана технологияларды тиімді пайдалану балалардың пәнге деген кызығушылығын арттырады, шығармашылық қабілетін дамытады, коршаған ортаны танымдық зерттеу барысында дидактикалық мақсаттар іс жүзінде асырылады.

Қазіргі заманда алға қойылып отырған маңызды мәселердің бірі - жан - жақты дамыған өнегелі, рухани ізденісі мол жас ұрпак тәрбиелеу. Ол үшін біз не істеуіміз қажет? Бізден берілетін тәрбиенің нәтижесі отбасымен балабакша тығыз байланыста болсаға, мағыналы болып жан-жақты дамыған ұрпак тәрбиелей аламыз. Осының негізінде біз тек баланыға емес, ата-ананы да жұмыстандырып, бірге бағыттауымыз қажет. Біздің алдымызға жана міндеттер жүктеп отыр. Білім жүйесін дамыту стратегиясының басты мақсаты – ұлттық білім моделін жасау. Ұлттық білім үлгісінің негізгі бағытты адамды қоғамның ен негізгі құндылығы ретінде тану, оның қоғамдағы орны мен рөліне, әлеуметтік жағдайына, психикалық даму ерекшелігіне мән беру, сол арқылы оның рухани жан-дүниесінің баюына, саяси көзқарасының, шығармашылық еркіндігі мен белсенділігінің, кәсіби іскерлігінің қалыптасуына жағдай жасау, мүмкіндік беру. Тауелсіз еліміздің келешек ұрпакты тәрбиелеу мәселесі – бүгінгі күннің өзекті тақырыбы. Бұл мәселенің шешімін табуга үздіксіз білім беру жүйесі айтарлықтай дәрежеде қайта қаралып, оны жетілдіру жолдары іздеңстірілуде. Мектепке дейінгі білім беру жүйесін жаңғыртудың басым бағыттарының бірі-окытуудың жана педагогикалық, аппараттық және осы орайда бейнелеу өнері сабактарында

ӨТШТ (Өнертапқыштық тапсырмаларды шешу теориясы) адамның шығармашылық мүмкіндіктерін дамытуудың жана әдістемесі үшін негіз болып табылады. Қазіргі танда біздің №3 «Көркем» бөбекжай-балабакшасында заманауи технологиялармен жұмыс жасау басты назарда. Сол себепті мектепке дейінгі ұйымдарда педагогтардың негізгі міндеті: әдіс-тәсілдерді дұрыс тандау, жаңаша педагогикалық технологияларды тиімді колдана білу, жеке тұлғаның дамуы үшін жағдай жасау. ӨТШТ бағдарламасы тәрбиешілер мен балаларға адам өзінің жасына тәуелсіз менгеретін шығармашылықтың әдістері мен құралдарын береді. Осы бірынғай құралдарды колдана отырып, балалар мен ересектер бір-бірімен тіл табысуы, түсінісуі женіл болады. ӨТШТ бір рет құрылып, өзгермейтін шығармашық жұмыстар жүйесі емес, бұл үнемі дамитын технология. ӨТШТ-акылдылардың, құрастырушылардың, ізденушілердің символы, яғни балалардың қаншалықты абстрактылы ойлауын, қиялдауы мен бакылағыштығын, зейіндерін ертерек дамытуудың жолы. Өнертапқыштық тапсырмаларды шешу теориясы арқылы мектепке дейінгі балалардың тілдік құзыреттіліктерін дамыту, арттыру жолын карастыру. ӨТШТ элементтерін колдана отырып, жас ерекшеліктеріне сай құзыретті, танымдық белсенді, шығармашыл, бәсекеге қабілетті ұрпак тәрбиелеуге түрткі болады. ӨТШТ технологиясы бұл қызықты әдіс-тәсілдер жүйесі, балалардың киялдық ойлау жүйесі дамып, ой - өрістерінің толығуына көп пайдасы бар. «ӨТШТ» технологиясын балабакшада колдану жаңадан шыққан әдіс-тәсілдерді колдану арқылы балалардың жаттауға, есте сактауға деген ынталарын дамуына, тілдерін машиқтандырғанына көз жеткізеді. Бұл әдіс бұрын балабакшада колданылмаған ең жана оку формасы болып есептеледі. Қазіргі кезде білім берудегі негізгі мақсат-жан-жақты білімді, өмір сүруге бейім, іскер, өзіндік ой талғамы бар, адамгершілігі жоғары, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру. Балалардың білім сапасын көтеру мақсатында әрбір оку үдерісінде колданатын оқытуудың жана формалары мен техникалары балалардың пәнге деген кызығушылығы ізденімпаздығын байқау қабілеттерін жетілдіруге, мүмкіндік береді. Педагогтың міндеті оку үдерісінің ғылыми сипатын арттырып, білім беруде тек мәлімет жиынтығын менгертумен шектелмей, терең білімді ізденімпаз барлық іс-әрекеттерде, шығармашылық бағыт ұстанатын, сол тұрғыдан болмысын таныта алатын жеке тұлға тәрбиелеу. Негізгі міндет – бала дамуын тежемей оқыту, сол арқылы баланың қабілетін мүмкіндігінше ең жоғарғы деңгейге жеткізу.

Бала тұлғасын бағдарлау барлық балалардың қажеттілігін есепке алууды талап етеді. Балаларға ойлауға, елестете алуға, есте сактауға, мотивациясын жетілдіруге, белсенді болуға көп деңгейлі тапсырмалар жүйесін орындағы отырып, сол бала деңгейінің көтерілуіне көп көмегін тигізетіні сөзсіз.

Балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларын кіріктіру арқылы сабактарда дәстурден тыс ӨТШТ технологиясын қолдану, ез бетінше әрекеттес ӨТШТ ойындары режимдік сәттерде, тәрбиешінің ата-аналармен жұмыс істеуде білім беру үдерісінің негізгі бағыттары бойынша түрлөрі мен әдістері іске асырылады. ӨТШТ ойындарын колдану мақсатында өзге тілдерге бейім балалардың

тілдік грамматикалық күрылымы, байланыстырып сөйлеу қабілеті, сөздік корын байтуға көп септігін тигізеді. Өзінің қайталанбас дербестігін ашу балаға өзін окуда, шығармашылықта, достарымен карым-қатынаста бағалай білуге көмектеседі.

Осы ойда бейнелеу өнері сабактарын дәстүрден тыс көркемдік техникалармен жетілдірудің маңызы зор. Дәстүрден тыс техникалар ӨТШТ технологиясы арқылы көрініс табады. Білім беру іс-әрекеті алуан түрлі әдістер мен тәсілдерді колдана отырып, түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы білім беру салаларын кіркітіру жолымен іске асады және баланың эмоциялық дамуына, окуға деген ынтасын арттыруға, танымдық қызығушылығын, әлемнің толық сипатын қалыптастыруға және ой өрісін көнегінде мүмкіндік береді. Бала тілін дамытуда ӨТШТ технологиясын колдану аса маңызды, жүйелі пайдалана білген әрбір тәрбиеші баланың санасын арттыра отыра, түсінігін көнегінде, сөздік корын молайтып, ұғымын байтады, сонымен қатар баланың ойлау белсенділігі артады, тілдері ширап, өз бетімен жұмыс түрі дамиды, сөз таптарын менгереді, өз ойын еркін жеткізеді. ӨТШТ технологиясында балаға коршаган ортамен карым-қатынаста болатын жеке-дара субъекті ретіндегі рөл беріледі. Бұл карым-қатынаска әрекет етудің барлық кезендері енеді: мақсат кою, жоспарлау және ұйымдастыру, мақсаттарды іске асыру, әрекет нәтижелерін анализдеу.

ӨТШТ элементтерін колдану көптеген оку үдерісінде теория мен практиканың байланысын жүзеге асырады, серуен кезінде жылдың төрт мезгілін салыстырмалы түрде ерекшеліктерін атайды, отырып, халық ауыз әдебиетінен көркем сөздерді пайдалану нәтижесінде мектеп жасына дейінгі балаларды тіл мәдениетіне тәрбиелеу, еңбекке баулуга, достық, бір-біріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Балаларды жаңа әдіспен ойын арқылы

ӨТШТ технологиясын колдану барысында біз кері жол жүреміз, тақпак, жаңылпаштарды біз суретке айналдыру арқылы жаттаймыз. Бұл әдісті бес сала бойынша камтуға болады: шығарманы мәнерлеп оку, автормен таныстыру, әр сөзге, сөйлемге тенеп сурет ойлап табу, киын сөздерге тоқталу, қайталу. Күнделікті жаңа оку тәрбие үдерісінде тәрбиелеу мен оқыту ісінің бір ерекшелігі көрnekілікіз іске аспайды. Ребустар шешуде, әр тақпак пен жаңылпаштарға сызба-сурет салып көрnekілік ретінде пайдалану өте тиімді. Ойын түрінде өткен бұл әдіс бала тілінің дамуына ықпал етіп, таным, катынас, шығармашылық, әлеумет, денсаулық салаларындағы белсенділіктерінің дамуына, колдануына жол ашады. Ойын баланың ойлау, есте сактау, салыстыру, киялдау, еркін сойлеуге, жеке тұлға болып қалыптасуына көмектеседі. Технологияның мақсаты – баланың бойындағы әлеуетті көркемдік – шығармашылық кабілеттерін ашу және дамыту.

ӨТШТ технологиясының міндеттері:

- Балалардың танымдық кабілеттерін арттыру;
- Шығармашылық кабілеттерін дамытуға жағдай жасау;
- Балаларды шығармашылық әддептен тыс ойлауға дамыту;
- Үнемі ізденіске карай итермелуе.

Дәстүрден тыс жаңа технологияларды пайдаланған сабактар балаларға түрлі материалдардың сапасы мен мүмкіндіктері туралы терең білім береді, эстетикалық, эмоциялық сезімдерін дамытады, еңбекке деген талпынысын және шеберлік ерекшеліктерін менгеруін ынталандырады. Халықтық – әсемдік өнерге араластыра отырып, келешектегі мектеп окуына дайындауды.

Балалар көркем шығармашылығы баланың жан-жакты дамуының маңызды элементі болып табылады. Дәстүрден тыс сурет салу техникалары балаға коршаган ортадан алған әсерін жеткізе білуге мүмкіндік ашады. Бейнелеу өнерін ұйымдастырганда дәстүрден тыс ықпал жасау балаларды таң қалдырады, осындағы қызықты іс-әрекетпен айналысуға ынталандырады.

Нұсқа суреттер баланың креативті мүмкіндігін ашады, түстерді, олардың сипатын және көніл-күйді сезінуге мүмкіндік береді. Инновациялық технологияларды колдану балалардың шығармашылық қабілетін дамытуды қөздейді. Балалардың елестетуін және киялын дамытады. Ұжымдық жұмыс машықтарын тәрбиелейді. Казіргі кезде педагог тәрбиешінің алдындағы басты міндет–жаңа ғасыр білім ғасырының есігін еркін ашып кіретін, дүниежүзілік мәдениетті танып, ұлттық бай, ой-өрісін жогарылату, тілдік, шығармашылық, әлеуметтік, таным және денсаулық құзіреттіліктерін арттыру, рухани байлығын, тапқырлық тапсырмаларды шешу теориясының негізгі түсініктерімен таныстыру, проблемалық жағдайдан шығу жолын іздеуде алған білімдерін колдануға үйрету, әрбір тәрбиешінің міндеті. ӨТШТ балалар мен педагогты ойлануға, шығармашылықты қорсетуге ынталандырады. ӨТШТ педагогикалық қарым-қатынасы негізінде жасалып, бала мен педагогтың ынтымактастырын жолға кояды. Балалардың жетістікке жетуіне жағдай туғызады. Өздерінің күштері мен мүмкіндіктерін пайдаланып, олардың коршаган ортаға деген қызығушылығын қолдайды. Балада танымдық қызығушылықтың болуы-олардың оку іс-әрекеттерге белсенді, білімнің сапалы болуына, басқа да іс-әрекеттерге жағымды әсерін қалыптастыруға мүмкіндік беретіндегі байкалып өз нәтижесін көрсетіп келеді.